

## **Теңіз-Атырау-Астрахань-Новороссийск Өткізгіш құбыр консорциумының экспорттық Мұнай құбыры жүйесінің құрылысы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 шілде 1994 ж. N 790

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығы Үкіметі арасындағы Өткізгіш құбыр консорциумы туралы 1992 жылғы 17 маусымдағы Келісімді жүзеге асырудың негізгі принциптерін әзірлеудің аяқталуына байланысты және экспорттық мұнай құбыры жүйесін құрудағы әзірленген тетіктерді бірыңғай жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікпен және "Мұнайгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясымен бірлесе отырып Өткізгіш құбыр консорциумы жобасын жүзеге асыруды және онда Қазақстан кәсіпорындары мен ұйымдарының қатысуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктермен және ведомстволарымен бірлесе отырып келісілген әдіске сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан өтетін келісілген Теңіз-Атырау-Астрахань-Грозный мұнай құбыры бөлігінің құнын анықтап, көрсетілген құнның Өткізгіш құбыр консорциумына (заемдық қаржы шартымен) салым ретіндегі жұмыстарды жедел орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, "Мұнайгаз" Мемлекеттік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетіне Консорциумға қатысудан алынатын кірісті республикалық бюджетке аудару тәртібі туралы ұсыныс енгізісін.

4. Өткізгіш құбыр консорциумының Директорлар кеңесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері Консорциум Директорлар кеңесінің талқылауларында осы Келісімнің 15-бабына сәйкес шешім қабылдайды деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік, құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі Өткізгіш құбыр консорциумымен бірлесіп Консорциумның өткізгіш құбыр жүйесі құрылысының жобасына халықаралық нормаларды, қағидалар мен стандарттарды ескере отырып Мемлекеттік сараптама жасауды қамтамасыз ету тетіктерін әзірлесін.

6. Атырау облысының әкімі Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып Өткізгіш құбыр консорциумының өткізгіш құбыр жүйесі объектілерін салу мен пайдалану үшін уақытша пайдалануға жер учаскелерін бөлуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Өткізгіш құбыр консорциумы жобасын жүзеге асыру мәселелеріне байланысты Қазақстанға келетін шетел мамандарына көп рет пайдаланатын виза беруге көмектессін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі